

Г.М. Смагулова*, Б.Т. Тулеуова, С.Б. Стамбулов, Ж.М. Кенжегали

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: gylnara2005@mail.ru; b_t_tuleuova@mail.ru; serstam@mail.ru; zharas_k@mail.ru)*

Семей полигоны: тарихы, ядролық сынақтар және оның зардаптары

Семей ядролық полигоны — бұл әлемдегі ядролық қаруды сынаудың ең ірі полигондарының бірі. Семей полигонының 40 жылдай уақыт аралығындағы қызметі Кеңес Одағының қару-жарақ жарысы тарихының бір кезеңі саналады. Өкінішке орай, Семей полигонының тарихы отандық тарихнамада тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырылмаған, ғылыми жұмыстар жоқтың қасы. Мұның негізгі себептерінің бірі — архив құжаттарына деген қолжетімділіктің болмауы және олардың қатаң құпия түрінде сақталуы. Сондықтан, қазіргі уақытта Семей ядролық полигонына қатысты жаңа архив құжаттарын қолдану арқылы ғылыми жұмыстарды басып шығарудың қажеттілігі туындап отыр. Екінші жағынан, Семейдегі ядролық сынақтар су және жер ресурстарының зақымдануына алып келді, экономика масштабының қысқаруына, әлеуметтік құрылымдардың әлсіреуіне ықпал еткені белгілі. Сондықтан, қазіргі уақытта халықтық өмірлік қуатын және аймақтың өмірлік кеңістігін сауықтыру үшін әлеуметтік қорғау жүйесін құру өзекті саналады. Осы себептен, мақалада Семей полигонының құрылу тарихы және 1949–1989 жылдар аралығындағы ядролық қаруды сынаудың салдары қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, қару-жарақ жарысы, Семей полигоны, ядролық сынақ, ядролық қару, ядролық сынақтың зардаптары, Невада-Семей, «ядролық колониализм».

Kipicne

XX ғасырда адамзат атомдық энергияны кең түрде қолданумен байланысты болған дамудың жаңа сапалы деңгейіне көшкені белгілі. Кеңес Одағының атомдық жобасы 1942 жылы АҚШ пен Ұлыбританияның әскери мақсатта ядролық энергияны қолдануы жөніндегі ақпараттың белгілі болуынан соң басталады. Мұның дәлелі ретінде осы кезеңдегі Сталиннің «Уран бойынша жұмыстарды ұйымдастыру» жөніндегі бұйрығын келтіруге болады. Соңынан, 1945 ж. АҚШ-тың Жапонияны бомбылауынан кейін 1945 жылдан бастап КСРО-ның ядролық қару бойынша жұмыс жасауының кезеңі басталды. 1946 жылы уран кен орындарын іздестіру, уранды өндіру және өңдеу, қажетті технологиялар мен атомдық бомба конструкциясын өңдеу міндеттері жүктелген КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Бас басқармалар құрылды. Осылайша, XX ғасырдағы жаһандық үрдістердің барысында АҚШ пен КСРО-ның бір-біріне ядролық қарсылығы өзекті мәселелердің қатарында болды. Бұл кезеңдегі ядролық қарудың маңызды ерекшелігі оның АҚШ пен КСРО-ның сыртқы саясатының тиімді құралына айналуымен айқындалды. Жоғарыда аталған тарихи құбылыстардың арқасында ядролық полигондар құрылды. Мысалы, қазіргі уақытта ресми түрде төрт ірі ядролық полигондар белгілі және олардың қатарында Невада (АҚШ, Ұлыбритания), «Жаңа Жер» (Ресей), Моруроа (Франция), Лобно (Қытай) бар.

Біз үшін 1949-1989 жылдар аралығында көптеген мөлшердегі ядролық сынақтар жүргізілген Семей сынақ полигоны мәселелері үлкен маңызға ие. Себебі, Семейдегі ядролық қаруды сынаудың әлі де болса ашылмаған қырлары көп. Осыған қоса, Семей полигонының құрылу тарихын қарастыру, полигондағы ядролық қарулардың сынға алынуы мен жарылыстардың барысына талдау жасау және оның салдарын зерттеу қазіргі кезеңдегі маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Мысалы, Семейдегі ядролық сынақтар қоршаған ортаның ластануы мен адам денсаулығының күйреуіне алып келгені белгілі, ал бұл қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелер қатарынан орын алып отыр. Сонымен бірге, Семейдегі КСРО-ның ядролық қаруды сынау «әскери колониализм» мен «ядролық колониализм» тұрғысынан қарап, оған баға берудің қазіргі кезде маңызы бар.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gylnara2005@mail.ru

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында тарихилық және объективтілік принциптері басшылыққа алынып, талдау және синтездеу, жіктеу әдістері қолданылды. Аталған әдістер арқылы Семей полигонының тарихы және оның зардаптары туралы деректер мен ғылыми зерттеулер жинақталып, жүйеленді. Сонымен қатар тарихи-хронологиялық, кезеңдеу және статистикалық әдістер кеңінен қолданылды. Тарихи-хронологиялық және кезеңдеу әдістері Семей полигонындағы ядролық сынақтардың кезеңдерін зерттеуге мүмкіндік берді. Статистикалық әдіс Семей полигонындағы әуеде, жерүстіңде және жерастында жүргізілген жарылыстардың жалпы санын анықтау және ол бойынша кестелер мен диаграмма жасау барысында қолданылды.

Мәселені талқылау

Өзімізге белгілі 1946 жылы 14 қарашада Министрлер Кеңесінің Қаулысына сәйкес арнайы полигон құру қажеттілігі жөнінде шешім қабылданған болатын. Мұндай арнайы полигон «Бірінші бас басқарманың таулы станциясы» немесе «нөмірі 905-ші объект» деп аталды. Ал 1947 жылғы 21 сәуірдегі Министрлер Кеңесінің Қаулысына сай бір айдың ішінде «нөмірі 905-ші» объектіні құру орнын анықтау, сонымен қоса, жиырма күннің ішінде сынақ жүргізудің бағдарламасын және құрылыстардың тізімін өңдеу жұмыстары тапсырылған. Бұл жөнінде КСРО Министрлер Кеңесінің 1946 жылғы 14 қарашасындағы № 2493-1045 қаулысында «*1. Принять предложение Первого главного управления при Совете Министров СССР о необходимости сооружения специального полигона для испытаний «РДС». Специальный полигон в дальнейшем именовать «Горная станция Первого главного управления»*» [1] деп атап көрсетілген.

Полигонды құру алаңдарын барлаудың нәтижелері жөніндегі баяндамада келесі алаңдар: Семейдің батысынан 170 шақырым жердегі Ертіс өзені аумағындағы алаң; Киік станциясынан оңтүстік-батысқа қарай 80 шақырым жердегі Балқаш көлі аумағындағы алаң және Атбасар станциясынан оңтүстікке қарай 100 шақырымдағы Есіл өзені аумағындағы алаң; Ақмола-Қарталы темір жолынан 60 шақырым жердегі Наурызым қорығы ауданындағы алаң қарастырылған. Нәтижесінде, келесідей қорытынды шығарылды: «*Площадки в районе р. Иртыш и Наурумского госзаповедника наиболее удовлетворяют поставленным требованиям. Лучшей является площадка в районе Иртыш»* [2; 5].

Осылайша 1947 жылғы тамыздағы КСРО Министрлер Кеңесінің Қаулысына сәйкес «№ 2 Оқу полигоны» деп аталатын атомдық полигон құру туралы шешім қабылданды. Бұл полигонды құру, ұйымдастыру және қалыптастыру инженерлік-техникалық қызметтің генерал-майоры А. Болятко басқарған КСРО Қарулы Күші Бас штабының Арнайы бөліміне жүктелді [3; 9]. Полигонды жабдықтаудың жобалық жұмыстары Химия-физика институтының техникалық тапсырмасы бойынша Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Бірінші бас басқарманың жобалық институтында орындалды. Осымен бірге, ядролық полигонды құру жұмыстарын даярлаумен қатар оны құратын территориясын іздестіру жұмыстары басталды. Алғашқы есеп бойынша мұндай қажетті территорияның диаметрі 200 шақырымды құрап, ондағы халықтың орналасу тығыздығы аз және оның территориясында ұшақтарды қабылдау үшін ұшу алаңын құру мүмкіндігі болуі тиіс деген шешім шығарылды.

Полигонды құру үшін оңтүстігінен, батысы мен солтүстігінен биік емес таулармен қоршалған Семей қаласынан 140 шақырым батысқа қарайғы территория таңдап алынды. Ядролық сынақтарды жүргізу үшін Семей ауданының таңдап алынуының бірнеше себептері болды, олар: халықтың аздығымен, айтарлықтай бос алаңдардың бар болуымен және ірі су артериясы — Ертістің жақындығы, жеткілікті түрде транспортмен (темір жол, аэропорт) қамтамасыз етілуімен байланысты еді. Семей ядролық полигоны үш облыстың, соның ішінде Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының кейбір жерлерін құрады. Құнарлы жер мен пайдалы қазбаларға бай жерлердің 18 000 шаршы шақырымы Семей полигоны үшін қолдануға бөлінген [3; 11]. Мысалы, Семей облысының Абыралы ауданына тиісті 1908 гектар жердің 445 гектары әскери ведомствоға берілген, ал ауданның өзі Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының 1955 жылғы 22 қаңтардағы арнайы Жарғысына сәйкес таратылған [4; 35].

1947 жылғы қыркүйекте полигон құрылысын бастау мақсатында құрылысшы әскерлердің алғашқы тобы — 36-шы Қорғаныс құрылысы басқармасының офицерлері келген. Мысалы, 1947-1948 жылдары әскери құрылысшылардың саны 9000 адамға жеткен. Құрылысты ұйымдастыру және

қосалқы базаларды, шеберханаларды жайғастыру келесідей болған: негізгі қойма Семей қаласының шет ауданында, «Жаңа Семей» станциясына таяу жерде жайғасқан. Осы жерде арматура, қалыптар, ағаш өнімдерін және шлакоблоктар өңдейтін қосалқы цехтар құрылған. Механизация базасы, жөндеу шеберханалары, автобаза және құрылыс басқармасы полигонның тұрғын құрылысы зонасында («М» алаңы) жайғасты. Мысалы, академик С.Б. Балмуханов полигонның құрылысы туралы өзінің естелігінде «Начали строить в 1946 г., как тогда водилось, силами заключенных. Руками их строились заводы, испытательная площадка, дороги, жилые дома для будущих сотрудников» [5; 6] деп атап көрсетеді.

Осылайша 1949 жылы алғашқы атом бомбасын сынау қарсаңына қарай полигон ірі және күрделі объекті болып саналды. Ол үш негізгі элементтен — әкімшілік-тұрғын зонасынан («М» алаңы, соңынан Курчатова қаласы), тәжірибе алаңынан («П» алаңы) және Семей қаласының маңындағы Жаңа-Семей аэродромынан («А» алаңы) құралды [2; 5]. Соңынан полигон территориясының кеңейгендігін байқаймыз. Мысалы, өткен ғасырдың 60-жылдарының басында Дегелең тау массивіне қарай жерасты сынақтарды жүргізу үшін ұңғымаларда КСРО Ғылым академиясының сейсмикалық Тау станциясы құрылып, полигонның құрамына қосылған.

Сонымен 1949 жылдың 29 тамызында Семей полигонындағы алғашқы кеңестік ядролық заряд (РДС-1) сынақтан өтсе, соңғысы 1989 жылдың 19 қазанында ұңғымада өткен топтық сынақтармен белгілі. 1949-1990 жылдар аралығында КСРО-да барлығы 715 ядролық сынақ және ядролық жарылыс өткізілген, ал жарылған ядролық зарядтардың және ядролық жарылғыш құрылғылардың жалпы саны 969-ды құраған.

Қорғаныс министрлігінің екінші мемлекеттік орталық сынақ полигонында 456 сынақ жүргізілген және бұл КСРО-ның өткізген ядролық сынақтарының 64%-ын құраған.

Бірінші кестеде Семей полигонында жүргізілген ядролық жарылыстардың саны берілген (1-кесте).

1 - кесте

Семей полигонындағы ядролық жарылыстардың саны [6; 102]

Жылдар	1949	1951	1953	1954	1955	1956	1957	1958	1959	1960	1961
Жүргізілген сынақтардың саны	1	2	5	9	5	8	11	8	Сынаққа мораторий		29
Жылдар	1962	1963		1964	1965	1966	1967	1968	1969	1970	1971
Жүргізілген сынақтардың саны	40	Үш ортадағы сынақ жүргізуге тыйым салу жөніндегі келісімшарт		7	12	14	15	14	14	12	15

Ескертпе: 1963 жылдың 10 қазанында үш ортада (ауада, космоса және су астында) ядролық сынақтарға тыйым салу жөніндегі КСРО-АҚШ-Ұлыбритания арасындағы Халықаралық келісімшарт күшіне енген соң Семей полигонында жерасты сынақтары өткізілді.

Екінші кестеден көріп отырғанымыздай, 40 жылдың ішінде Семейде полигондық сынақ жұмыстарының үлкен көлемі жүргізілген. Сынақтарды жүргізудің қарқындылығы бірнеше факторларға байланысты болған. Ядролық қаруды құрудың алғашқы жылдарында мұндай қарқындылық ядролық зарядтарды өндіру мүмкіндіктеріне байланысты болған. Соңғы жылдары ядролық сынақтарды жүргізудің қарқындылығына әлемдегі саяси жағдай ықпал етті.

2 - кесте

Семей полигонындағы ядролық жарылыстардың саны

Жылдар	1972	1973	1974	1975	1976	1977	1978	1979	1980	1981	1982	1983
Жүргізілген сынақтардың саны	14	9	15	12	16	15	20	20	18	15	10	14
Жылдар	1984		1985		1986			1987	1988	1989		
Жүргізілген сынақтардың саны	14		8		Сынаққа мораторий			16	12	7		

Сол кезеңдегі шартқа сәйкес ядролық жарылыстар жерүсті, ауадағы, космостағы, суасты, жерасты (шатқалдарда немесе ұңғымада) жарылыстар деп бөлінді. Семей полигонында жерүсті, ауадағы және жерасты жарылыстарының жүргізілген санын 3-кестеден көруімізге болады.

3 - кесте


Шартқа сәйкес Семей полигонындағы ядролық сынақтар саны [6; 102]

Жерүстіндегі сынақтар	Ауадағы сынақтар	Жерастындағы сынақтар	
		Шатқалдардағы жарылыс	Ұңғымадағы жарылыстар
36	86	209	131

Кестеден көріп отырғанымыздай, Семей полигонында жүргізілген ядролық сынақ-жарылыстардың үлкен бөлігі жерастында жүргізілген.

ҚР Президенті Аппараты және ҚР Министрлер Кабинеті тарабынан 1949-1989 жылдар аралығында өткізілген ядролық және ядролық емес жарылыстардың санын тексеру жөнінде комиссия құрылған болатын. Комиссияның құрамына 52605 әскери бөлімшенің басқарушысы В.А. Бойко, биол. ғ.к. В.Н. Вялых, тех. ғ.к. С.Г. Смагулов, С.С. Журавский, Ю.Б. Федотовтар кірген. 1992 жылдың 24-28 ақпаны аралығында бұл комиссия архив құжаттарын зерттеп, акт қабылдаған. Осы актіге сәйкес Семей полигонында барлығы 470 ядролық жарылыс, соның ішінде жерүстінде — 26, ауада — 87, жерастында — 354 және ядролық реакциясыз — 3 жарылыс жүргізілген [7].

Егер жерүстінде және әуедегі жарылысқа тоқталсақ, оның санын келесі диаграммадан көруімізге болады:



1-сурет. Жерүстіндегі және әуедегі жарылыстардың саны

Ескертпе: берілген мәліметтердің негізінде диаграмманы құрған — авторлар [6].

Диаграммадан көріп отырғандай, 1949-1963 жылдар аралығында Семей полигонында негізінен жерүстінде және әуедегі жарылыстар жүргізілген. Бәрін қосқанда 116, соның ішінде 30 жерүсті, 86 әуедегі жарылыс жүргізілген. Әуедегі соңғы жарылыс 1962 жылдың 24 желтоқсанында жүргізілген. Өзінің қарқыны жағынан жерүсті және әуедегі ядролық жарылыстар 1961 жылы (28 жарылыс) және 1962 жылы (39 жарылыс) жарылған. Диаграммадан осы жылдардағы жарылыстардың саны рекордтық деңгейге жеткендігін көре аламыз.

Семей полигонындағы жерастындағы жүргізілген ядролық сынақтарға келер болсақ, 1963 ж. атмосферада және космостық кеңістіктегі ядролық қаруларды сынауға тыйым салу жөніндегі келісімшарттың күшіне енуіне байланысты Семей полигонында жерастында, соның ішінде шатқалдар мен ұңғымада ядролық сынақтарды жүргізуге көшеді. Мысалы, 1961-1989 жылдар аралығында Семей полигонында 340 жерастындағы ядролық сынақтар жүрген, солардың ішінде

шатқалдарда — 209 сынақ (223 жарылыс), үңгірлерде — 131 жарылыс. Жерасты ядролық сынақтардың қарқынды жүргізілген уақыты 1978-1979 жылдарға келеді. Мұны 4-кестеден көруге болады.

4 - к е с т е

Жерастындағы ядролық сынақтар саны [6]

Жылдар	Шатқалдардағы жарылыстар саны	Ұңғымадағы жарылыстар саны	Жылдар	Шатқалдардағы жарылыстар саны	Ұңғымадағы жарылыстар саны
1960	0	-	1975	8	4
1961	1	-	1976	8	8
1962	1	-	1977	8	8
1963	0	-	1978	13	7
1964	7	0	1979	10	10
1965	10	2	1980	10	8
1966	13	1	1981	8	7
1967	12	3	1982	5	5
1968	11	3	1983	10	4
1969	11	3	1984	4	10
1970	10	2	1985	3	5
1971	10	5	1986	0	0
1972	9	5	1987	8	8
1973	4	5	1988	5	7
1974	8	7	1989	2	5

Әкімшілік тұрғын зонасынан 100 шаршы шақырым жерде орналасқан Дегелең таулы массивіндегі шатқалдарда жерасты ядролық қаруларды сынау үшін бес алаң игерілген. Семей полигонының бұл алаңдарында 181 горизонталды ұңғыма болған. Семей полигонындағы жерасты ядролық зарядты алғашқы рет сынау 1961 жылғы 11 қазанда жүргізілсе, соңғы сынақтар 1989 жылғы 4 қыркүйекте жүргізілген. Барлығы Семей полигонындағы шатқалдарда 209 сынақ жүргізілген. Жоғарыда берілген кестеге сәйкес шатқалдардағы жарылыстың қарқынды жүргізілген уақыты 1965 және 1973 жылдарға (13 жарылыстан) келеді. Мұнан басқа, топтық жарылыстарда ұйымдастырылған. Яғни, бірнеше ядролық зарядтар бір шатқалда сынаққа алынған. Семей полигонындағы мұндай топтық жарылыстар (бір шатқалда екі зарядтан) 1966 ж. 3 желтоқсанында сыналған. Шатқалдарда жүргізілген 209 сынақта 223 ядролық заряд жарылған. Шатқалдардағы ядролық сынақтарды жүргізудің негізгі мақсаттары — ядролық зарядтар мен ядролық оқ-дәріні сынау және жарылыстардың топырақ массивтеріне және жерасты өңдеулерге әсерін зерттеу болған.

Жерасты ұңғымалардағы жарылыстарға келер болсақ, полигонның әкімшілік-тұрғын зонасынан 70 шақырым жерде орналасқан Балапан елді мекеніндегі Балапан жазық алаңы («Б» алаңы) игерілген болатын. Бұл ұңғымаларда ядролық сынақтардың үлкен бөлігі жүргізілген. «Б» алаңынан басқа сынақ үшін Сарыөзен алаңындағы 23 ұңғыма, Телькем алаңындағы 4 ұңғыма, Мүржік алаңындағы 1 ұңғыма пайдаланылған. Семей полигонындағы ұңғымадағы алғашқы ядролық сынақ су қоймасын құру мақсатында 1965 ж. 15 қаңтарында жүргізілді, ал ядролық құру мақсатындағы алғашқы сынақ 1967 ж. 17 қыркүйегінде іске асырылды. Ұңғымалардағы сынақтардың жалпы саны 131-ге жеткен. Жалпы алғанда, ұңғымалардағы жарылыстардың үлкен бөлігі ядролық қаруды жетілдіру мақсатында жүргізілген. Осы мақсатта «Аргон-3» және «Аргон-3-2» ірі масштабтағы операциялары, ал 1978 ж. «Шаған-78» операциясы жүзеге асырылды. Жалпы алғанда мұндай сынақтардың негізгі мақсаты — Шаған және Ащысу өзендерінің қосындысында жасанды көлді құрумен байланысты болды. Мысалы, қуаты 140 кт құрайтын ядролық зарядты 80 м тереңдікке орналастырды, жарылыстың нәтижесінде тереңдігі 150 м, диаметрі 520 м шұңқыр пайда болған және бұл шұңқырға 7 млн куб м су мөлшері сыйған [8].

Жоғарыда аталғандардың негізінде, Семей полигонындағы ядролық қаруды сынға алуды екі кезеңге бөліп көрсетуге болады: біріншісі, атмосферадағы ядролық жарылыстарды жүргізу, екіншісі — жерасты ядролық жарылыстарды жүзеге асыру кезеңі. Әрине, жоғарыда аталған Семей полигонындағы жарылыстар мен сынақтардың адам денсаулығына және экологияға тигізген кері әсері көп болды. Мысалы, ғылыми зерттеулердің нәтижелері сынақ орнына жақын елді мекендерде

қалқанша безінің қатерлі ісіктері, гемабластома, созылмалы лейкемия және басқа да аурулардың жиі кездескенін көрсетеді. 1950-жылдан бастап нәрестелер өлімі 5-10 есе көбейді. Өмір сүру ұзақтығы 3-4 жылға қысқарды. Ал, полигон айналасындағы ауылдарда мутант балалар дүниеге келе бастады. Жануарлар мен қоршаған орта үлкен өзгерістерге ұшырады. Осындай өзгерістердің бар екенін, Семей полигонындағы атом қаруының зардаптарын, одан туындайтын әлеуметтік, денсаулық және экологиялық мәселелерді Б. Атшабаров экспедициясы сол жылдары-ақ дәлелдеп берді. Медицина саласында «Қайнар синдромы» деп аталған біртұтас ауру түрінің өзі де айғақ болады.

Жергілікті дәрігерлерге бұл ауруларды радиацияның әсерімен байланыстыруға тыйым салынды. Ал 1962 жылдан бастап КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің №4 диспансері адамдардың денсаулығын үздіксіз тескеріп, өз бақылауларына алды. «Бурцелезге қарсы» №4-ші диспансер деп аталған бұл медициналық мекеме де «ядролық колониализм» саясатын берік ұстанды, «өте құпия» белгісімен қызмет етті. Бұл мекемеге келіп қаралған науқастарға ешқандай ем, профилактика қолданбаған. Денсаулықтарына шағымданып келген адамдарға бақылау ғана жүргізген, ал оның нәтижелері тек Орталыққа ғана беріліп отырған. Оның негізгі мақсаты ядролық сынақтан кейінгі радиацияның адамға тигізген әсерін, оның мөлшерін бақылаумен ғана шектелді. Радиациядан зардап шеккендерге олардың ауруларын айтпай, басқа емханаларға жіберді. 1957-1989 жылдардың аралығында «Бурцелезге қарсы» №4-ші диспансерді басқарған Б.И. Гусев әскери-өнеркәсіп кешені талаптары мен тәртіптерін «бұлжытпай орындаған» басшы болды. Оның басшылығымен радиациялық қауіп пен сәулеленудің тиімді эквивалентті мөлшері бар топтарының сандық және жас шамасы мен жыныстық құрамы жайлы деректерді қамтитын негізгі құжаттар әзірленді. Кейін бұл деректер базасы 1992 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылдаған «Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» №1787-ХІІ Заңының жобасын жасауға мүмкіндік берді.

Семей полигонындағы жарылыстардың адам денсаулығына кері ықпалына келесі фактілі материалдар дәлел бола алады. Мысалы, Семей облысының Абралы ауданының аудандық әкімшілігінің басшысы Д. Қошқарбеков пен Халық депутаттарының Абралы аудандық кеңесінің төрағасы К. Қонысбековтың 1993 жылғы 18 қыркүйектегі ҚР Халық депутаты, ҚР Жоғары Кеңесінің Аграрлық мәселелер және азық-түлік комитетінің төрағасы Ю.М. Ильяшанкоға Абралы ауданы халықтарының атынан жіберген үндеуін атап көрсетуге болады. Үндеуде «... *За последние 10-15 лет только по селу «Кайнар» не говоря целом по району погибло от рака 220 чел-ка, от лейкозиев — 22 чел-к, а также самоубийством покончили свою жизнь — 45 молодых людей. Нарушена иммунная система и генофонд людей. В данное время в с. Кайнаре мучаются и страдают матери 58 детей — уродов. Все женщины детородного возраста страдают анемией. У критической психологической черты находятся жители. Сейчас по этой причине стоят на медицин. учете — 180 чел.*» [9] деп атап көрсеткен.

Абралы аудандық медициналық бірлестіктің бас дәрігері В.Б. Шахантаевтың 1991 жылдың 20 қыркүйектегі Абралы ауданы халықтарының денсаулық жағдайы туралы берген мәлімдемесінде «...С 1949 года по 1989 г. на террит. Абралинск. района в границах до 1955 г. всего 566 взрывов и в т.ч. 158 надземных, в воздухе — 128 и 280 подземных. Последствия этих взрывов: За эти годы в районе от раковых заболеваний умерло — 396 чел. Из них встречались случаи рак языка, ушной раковин, кожи, глаз, челюсти, щитовидной железы, от лейкоза 36 чел. 1991 г. специально специальной требовании КазНИИ радиационной медицины экологии осмотр. 560 чел. Из них 96 процент выявлено больных. 90 процент страдает иммунодефицитной состоянии. В т.ч. женщин детородного возраста осмотрено 265 женщин, из них выявлено 250 различных гинекологических заболеваний, что составляет 94, 3 процента, 80 процента страдают анемии, а у одного и того лица одновременно встречается 3-4 вида заболеваний. Смертность с онколог.заболевания составляло в 1991 г. — 36, 3; 1992 г. — 38, 5; По области — 27, 0. Болезни органов дыхание — 1028 чел. Младенческая смерности 40; в области — 23, 4. на 3400 детей 140 детей является индвалидами с детства» [10] деп атап көрсетілген. Жоғарыда келтірген архив құжаттары мәліметтерінен Семей облысының тек қана бір Абралы ауданының өзінде Семей полигонындағы ядролық сынақтардың адам денсаулығы жағдайына айтарлықтай кері ықпал еткендігін және ядролық жарылыстардың кері салдарын көре аламыз.

Қорытынды

Осылайша, КСРО-ның Қазақстандағы «ядролық колониализм» саясаты Семей полигонын құру және ондағы таңдап алынған алаңдардағы ядролық жарылыстарды жүзеге асыру арқылы жүргізілді.

Қарастырылған материалдардың негізінде Семей полигонын құру және ондағы ядролық қаруды сынға алу нақты белгіленген жоспарға сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асқандығын көруге болады. Осындай саясаттың нәтижесінде Семей ядролық аймағы ядролық сынақтардан қатты зардап шеккен әлемдегі аймақтардың біріне айналды. Ядролық сынақтардың салдарынан радиациямен ластанған жерлер көбейді. Жергілікті халық «сынақ материалына» айналды. Қазақстан жері экономикалық, экологиялық шығындарға ұшырады. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясынан ядролық зарядтар шығарылып, еліміз ядросыз зонаға айналғанымен, ядролық қарудың сынға алынуы адамдардың жадында қалды, ал радиация халықтың генетикалық кодына кері ықпалын тигізді. Сондықтан, бүгінгі таңда Семей полигонының әлі де болса ғылыми тұрғыдан қарастырылмай қалған қырларын болашақта зерттеудің маңызы ерекше.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылай қолдауы негізінде жазылды (Грант АР 19678527 «Семей ядролық полигонындағы сынақтардың салдары «ядролық отарлау» саясатының нәтижесі ретінде»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 О подготовительных мероприятиях по строительству Горной станции для Первого главного управления при Совете Министров СССР. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://irse.nnc.kz/wp-content/uploads/2018/10/booklet_Rus.pdf.
- 2 Семипалатинский испытательный полигон. Современное состояние. — Павлодар: Дом печати, 2017. — 52 с.
- 3 Ядерные испытания СССР. — М.: АТ, 1997. — 278 с.
- 4 Ким О.М. Семипалатинский испытательный полигон: вчера, сегодня, завтра / О.М. Ким. — Семипалатинск, 1992. — 313 с.
- 5 Дубасов Е.В. Хронология ядерных испытаний в атмосфере на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне / Е.В. Дубасов // Период. науч.-техн. журн. Нац. ядер. центра Республики Казахстан. — 1994. — № 4. — С. 6.
- 6 Акчурина И.А. Семипалатинский ядерный полигон. Создание, становление, деятельность / И.А. Акчурина. — М.: Голден-Би, 2007. — 258 с.
- 7 АП РК. — Ф. 5Н. — Оп. 1. — Д. 1020-а. — Л. 4–9.
- 8 Литвинов Б.В. Атомная энергия не только для военных целей / Б.В. Литвинов. — Екатеринбург: УрОРАН, 2002. — 552 с.
- 9 АП РК. — Ф. 5Н. — Оп. 1/2. — Д. 1948. — Л. 26.
- 10 АП РК. — Ф. 5Н. — Оп. 1/2. — Д. 1948. — Л. 29, 30.

Г.М. Смагулова, Б.Т. Тулеуова, С.Б. Стамбулов, Ж.М. Кенжеғали

Семипалатинский полигон: история, ядерные испытания и последствия

Семипалатинский испытательный ядерный полигон являлся одним из крупнейших полигонов для испытаний ядерного оружия в мире. Более чем 40-летняя деятельность Семипалатинского полигона — это один из этапов в истории гонки вооружения бывшего Советского Союза. Казахская научная литература по истории Семипалатинского полигона до сих пор остается очень скудной, нет комплексных работ. Основной причиной этого можно назвать ограниченный доступ к архивным материалам и строгая засекреченность избранной темы. С другой стороны, испытания ядерного оружия в Семипалатинске привели к заражению водных и земельных ресурсов, способствовали сокращению масштабов экономики, что и обусловило эмиграцию трудоспособного населения, ослабление государственных социальных структур, которые оказались не способны поддержать наиболее уязвимых и больных людей. Поэтому создание адекватной системы социальной защиты для реабилитации жизненных сил населения и жизненного пространства этих регионов особенно актуально. В связи с этим в статье рассмотрены история создания Семипалатинского полигона, изложены сведения о последствиях испытания ядерного оружия в период 1949–1989 гг.

Ключевые слова: история Казахстана, гонка вооружений, Семипалатинский полигон, ядерное испытание, ядерное оружие, последствия испытаний ядерного оружия, Невада–Семей, «ядерный колониализм».

G.M. Smagulova, B.T. Tuleuova, S.B. Stambulov, Zh.M. Kenzhegali

Semipalatinsk test site: history, nuclear tests and consequences

The Semipalatinsk nuclear test site was one of the largest nuclear weapons testing grounds in the world. More than 40 years of activity of the Semipalatinsk test site is one of the stages in the history of the arms race of the former Soviet Union. Kazakh scientific literature on the history of the Semipalatinsk test site is still very scarce, there are no comprehensive works. The main reason for this can be called limited access to archival materials and the strict secrecy of the chosen topic. Nuclear weapons tests in Semipalatinsk led to the contamination of water and land resources, contributed to a reduction in the scale of the economy, which led to the emigration of the able-bodied population, the weakening of state social structures, which turned out to be unable to support the most vulnerable and sick people. Therefore, the creation of an adequate system of social protection for the rehabilitation of the vital forces of the population and the living space of these regions is especially important. In this regard, the article discusses the history of the creation of the Semipalatinsk test site, provides information about the consequences of nuclear weapons testing in the period 1949–1989.

Keywords: History of Kazakhstan, arms race, Semipalatinsk test site, nuclear test, nuclear weapons, consequences of nuclear weapons tests, Nevada-Semey.

References

- 1 O podgotovitelnykh meropriiatiakh po stroitelstvu Gornoj stantsii dlia Pervogo glavnogo upravleniia pri Sovete Ministrov SSSR [About preparatory activities for the construction of the Mountain Station for the First Main management under the Council of Ministers of the USSR]. Retrieved from https://irse.nnc.kz/wp-content/uploads/2018/10/booklet_Rus.pdf [in Russian].
- 2 (2017). Semipalatinskii ispytatelnyi poligon. Sovremennoe sostoianie [Semipalatinsk test site. Current state]. Pavlodar: Dom pečhati [in Russian].
- 3 (1997). Yadernye ispytaniia SSSR [Nuclear tests of the USSR]. Moscow: AT [in Russian].
- 4 Kim, O.M. (1992). Semipalatinskii ispytatelnyi poligon: vchera, segodnia, zavtra [Semipalatinsk test site: yesterday, today, and tomorrow]. Semipalatinsk [in Russian].
- 5 Dubasov, E.V. (1994). Khronologiiia yadernykh ispytaniia v atmosfere na Semipalatinskom ispytatelnom yadernom poligone [Chronology of nuclear tests in the atmosphere at the Semipalatinsk nuclear test site]. *Periodicheskii nauchno-tekhnikeskii zhurnal Natsionalnogo yadernogo tsentra Respubliki Kazakhstan — Periodical scientific and technical journal of the national nuclear center of the Republic of Kazakhstan*, 4 [in Russian].
- 6 Akchurin, I.A. (2007). Semipalatinskii yadernyi poligon. Sozdanie, stanovlenie, deiatel'nost' [Semipalatinsk nuclear test site. Creation, formation, activity]. Moscow: Golden-Bi [in Russian].
- 7 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5-N. — Op. 1. — D. 1020-a. — L. 4–9 [in Russian].
- 8 Litvinov, B.V. (2002). Atomnaia energiiia ne tolko dlia voennykh tselei [Nuclear energy is not only for military purposes]. Ekaterinburg: UrORAN [in Russian].
- 9 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5N. — Op. 1/2. — D. 1948. — L. 26 [in Russian].
- 10 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5N. — Op. 1/2. — D. 1948. — L. 29, 30 [in Russian].